

АЙЫРТАУ ТАҢЫ


№15
(885)

Бейсенбі, 16 сәуір 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

2015 жылдың 26 сәуірінде
елімізде Қазақстан Республикасы
Президентінің кезектен тыс
сайлауы өтеді



Айыртау аудандық сайлау комиссиясының дауыс беруді бастау мен аяқтаудың өзге уақытын белгілеу туралы 2015 жылғы 8 сәуірдегі шешімі

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 1-тармағына сәйкес ауылдық округ әкімдерінің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша Айыртау аудандық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ**:

1. Ауданның сайлау учаскелері бойынша дауыс берудің басталуы мен аяқталуы (жергілікті уақыт) белгіленсін
1. Орловка а. № 2 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
2. Красногорка а. № 5 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
3. Всеволодовка а. № 23 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
4. Никольское а. № 26 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
5. Қоскөл а. № 30 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
6. Қарақамыс а. № 35 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
7. Егіндіағаш а. № 36 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
8. Жақсы-Жалғызтау а. № 64 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 14 сағатқа дейін
9. Айыртау а. № 6 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
10. Жұмысшы а. № 17 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
11. Құмтөккен а. № 19 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
12. Үкілі Ыбырай а. № 20 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
13. Сулыкөл а. № 32 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
14. Шолпаөзек а. № 37 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
15. Кутузовка а. № 40 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
16. Петропавловка а. № 42 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
17. Борлық а. № 43 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
18. Целинное а. № 47 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
19. Корсаковка а. № 52 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
20. Береславка а. № 56 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
21. Верхний Бұрлық а. № 58 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
22. Заря а. № 61 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
23. Әлжан а. № 62 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 15 сағатқа дейін
24. Воскресеновка а. № 4 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
25. Карасевка а. № 18 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
26. Қарасай Батыр а. № 50 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
27. Матвеевка а. № 54 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
28. Ақанборлық а. № 66 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
29. Қаратал а. № 27 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 16 сағатқа дейін
30. Светлое а. № 38 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
31. Аксеновка а. № 24 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
32. Комаровка а. № 15 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
33. Никольское-Бурлыкское а. № 25 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
34. Шоққарағай а. № 33 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
35. Дауқара а. № 34 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
36. Горный а. № 46 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
37. Баян а. № 49 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 17 сағатқа дейін
38. Высокое а. № 28 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
39. Шүкірлік а. № 29 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
40. Бірлестік а. № 21 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
41. Сырымбет а. № 31 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
42. Ағынтай Батыр а. № 48 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
43. Новосветловка а. № 55 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін
44. Елецкое а. № 7 сайлау учаскесінде 07 сағаттан 18 сағатқа дейін

Дауыс беруді бастау мен аяқтау уақытының өзгергені туралы сайлаушыларға хабарлансын
Е.МЕРҒАСЫМОВ, комиссия төрағасы.
Б.ТИЫШТЫҚБАЕВА, комиссия хатшысы.

Сенбілік

СЕНБІЛІК СЫЙЫ - ШЫРШАЛАР



Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, сәуірдің 11-іне белгіленген қайырымдылық сенбілігі облысымызда да қатысушылардың белсенділігі жағдайында өтті. Сөйтіп, облыс орталығының, басқа да елді мекендердің көшелері қысқы қоқыстан біршама тазарып, жасыл желекпен толыға түсті. Мәселен, нақ осы күні “Жеңіс” саябағының айналасына тазарту жұмыстары жүргізіліп, шыршалар отырғызылды. Игі іс-шараға облыс әкімі Ерік Сұлтанов, соғыс және

тыл ардагерлері мен Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының өкілдері қатысты.

Көшеттер отырғызылған соң өңір басшысы іс-шараға жиналған ардагерлердің хал-жағдайларын сұрастырып, Жеңістің 70 жылдығына орай саябақта қайта жаңарту жұмыстары жүргізілетіндігін айтты. Жобаға сай саябақта “Қаһармандар аллеясы” салынады. Отырғызылған 25 түп сібір шыршасы – сол аллеяның бастамасы. Аллея саябақты Есілдің жағалауымен байланыстыратын көпір іспетті болады. Алдағы аптада саябақта

тағы да көшеттер отырғызылады.

Қайырымдылық сенбілігіне әзірлік және оны өткізу жөніндегі штабтың мәліметіне қарағанда, бұл күні облыс орталығының 500 мың шаршы метр аумағы тазаланып, 80 тонна қоқыс шығарылды. Сенбілік күні қала көшелеріне 70 түп шырша, 20 түп қайың егілді. Ескерткіштер мен саябақтар абаттандырылды.

Келесі сенбілік 18 сәуір күні өтеді.

Бақытжан ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
«Солтүстік Қазақстан».
Суретті түсірген
Талғат ТӘНІБАЕВ.

Ресми бөлім

Пасха мерекесімен құттықтады



Пасха мерекесі барған сайын жаңарып, дамып және өркендеп келе жатқан біздің мемлекетіміздің нышаны да іспеттес. Қазақстанда түрлі этностар мен діни сенімдегі азаматтар тату-тәтті өмір сүруде. Сенім мен береке-бірліктің арқасында біз өзіміздің және

балаларымыздың бақуатты өмірін қамтамасыз етіп, елімізді байыпты түрде дамыта аламыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлтаралық және конфессияаралық саясаттың еліміздегі барлық этнос пен діндерге қарым-қатынасындағы табыстарын көрсетуде.

Сәуірдің 11-інен 12-іне қараған түні Саумалкөл селосының Введения Пресвятой Богородицы шіркеуінде аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова ауданның православие христиандарын Пасха мерекесімен құттықтап, денсаулық, бақыт пен игілік тіледі.

Жиналған жұртшылықты аудан әкімінің қатынап құттықтаған Мафруза Тасболатқызы:

«Елбасымыздың салиқалы саясаты арқасында біздің елімізде бір шаңырақ астындағы әр ұлттың өкілдері тату-тәтті, бейбіт өмір сүруде. Бұл біздің ең басты құндылығымыз болып саналады. Сондықтан, елдегі тыныштық пен бейбітшіліктің, береке-бірліктің сақталуына үлес қосып отырған дін басыларына да айтар алғысымыз шексіз. Пасха мейрамы баршаңызға құтты болсын, – деді аудан басшысының орынбасары.

Өз кезегінде Саумалкөл селосының Введения Пресвятой Богородицы шіркеуінің шырақшысы иерей Евгений барша жұртшылықты жарқын мерекемен құттықтап, олардың отбасыларына бақыт, денсаулық, елімізге бейбітшілік пен келісім тіледі.

Өз хабарымыз.

Майдангер атам жайлы бір үзік сыр



«Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр. Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп, әнекей, жағада тұр», - деген өлең жолдарындағы

Мұқағали мұңы қазіргі кездің мұңын жырлап тұрғандай. Шынында, бізге осы кең байтақ еліміз бен тәуелсіздігімізді сыйлаған аталарымыз бен апаларымыз азайып бара жатыр. Майдан даласынан туған жеріне оралып келген талай батырларымыз қазір жоқтың қасы. Ұлы Отан соғысына міне осы жылы 70 жыл толып қалды. 1941 жылы еліміздің басына қалың қара тұман орнағанда тегеуріні мықты, намысшыл халқымыз жаудың алдында қасқая нық тұрды. Фашистік Германия ойда жоқта шабуылды бастап кеткен кезде кеңес адамдары байбаламға салмай жауды жеңіп, тәуелсіздікті сақтап қалу жолында талмай еңбек етті.

Еңбектеген баладан, таяқ ұстаған қарияларға дейін осы жеңіске өз үлестерін қосты. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, ерлігімен туған жердің топырағы жауға таптатылмады. Қазіргі бақытты күндеріміз сол майдангер абыздар мен боздақтардың арқасы екені анық. Иә, біз қазір бақытты да уайымсыз өмір кешіп жатырмыз. Ал олар ше? Олар не көрмеді десеңші... Бір үзім нанға зәру болды, аштықтан қырылған жақын адамдарының уайымын кешті, майдан даласында қаншама жолдастарының өзен болып ағылған қанын көрді. Сондықтан да, мен ардагер атамнан соғыс туралы айтып беруін сұрағанда сәл кідіріп қалатын. Әрине, қырғын соғыс туралы кімнің айтқысы келеді? Тек рухын көтеретін жеңісті күндері туралы болмаса, қалғанын жүрегінің бір түбінде сақтап қалған болатын.

Мен осы мақаламда Ұлы Отан соғысына қатысып, сұрапыл соғыстың дәмін татқан атам Евнәй Қаппасұлы туралы сөз қозғағым келеді. Атам Қаппасов Евнәй Қаппасұлы 1926 жылы бұрынғы Көкшетау облысы Володар ауданы Бірлестік ауылында дүниеге келген. Майдан даласына 1942 жылы 17 жасында бозбала шағында аттанған. Байкал әскери округіне қарасты 847 артиллеристер полкында байланысшы-телефонист болады. Қыыр Шығыста Кіші және Үлкен Хинган деген жерде жапондықтармен болған жойқын соғыстарға қатысады. Жапонның таулы, тасты сусыз даласында әскери бөлімшелерді байланыспен



оралады. Елге оралғаннан кейін талай жылдар жемісті еңбек етті. МТС-тан трактор-комбайнға май тасушы болды. Тың игеру жылдары «С-6», «СК-4», «Нива», «Енисей» маркалы комбайндарда істеді. Әжем Рузия Бөжікенқызымен шаңырақ көтеріп дүниеге 3 ұл, 3 қыз әкеледі. Оларда қазір әр түрлі саланың маманы болып, жемісті еңбек етуде. Атамның көзі тірісінде 9 мамыр күні барлық ағайын-туыстар болып жиналатын. Атам үшін ол күн ерекше қуанышқа толы күн болатын. Қазірде атамның дүниеден озғанына 8 жыл толса да әр жыл сайын 9 мамыр күні ерекше аталып өтіледі. Бұл біздің жылдағы дәстүрімізге айналған.

Кезінде есімі ұмытылып, еңбегі еленбей кеткен жауынгер қазақ аталарымыз көп. Осы ақтаңдақтарды жою жолында өз аталарымыз, ауылдастарымыз жайлы жазу біздің бір борышымыз.

Жайнагүл ҚАППАСОВА,
Бірлестік орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

қамтамасыз етіп отырды. Көптеген маңызды тапсырмалар орындау кезінде аса үлкен жауапкершілік пен табандылықтың үлгісін көрсеткендігі жайлы архивтерден тауып оқып көрдік. «Елім үшін» деп ұрандатқан атам Ұлы Жеңіс күнін көрді, еліне аман-есен оралып талай бақытты күндер кешті. Соғыста жасаған ерліктері үшін І-дәрежелі Отан соғысы орденімен және «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалдарымен марапатталды.

Елге 1947 жылы желтоқсанында бұлтармай командирге бағынамын. Күні ыстық, түні суық осы жақтың, Шыбын жан жер таппайды паналарға. Қанапия атыңды атап тағы жазам, Бұл жерде олай-бұлай болып кетсем, Қаламын қай боқтықта жетсе қазам. Мал-жаны туған елдің тағы аман бол. Елдегі кәрі-жас, бала аман бол. Келед деп бізді күтіп аңсайтуғың Көрлер, балалар тағы аман бол. Жүсіпбек, Көкеммен тағы аман бол. Сәлкенмен, Жәкіш, Боппи өңшең бала, Қалғаның аты аталмаған тағы аман бол.

ЖОБА

Айыртау аудандық мәслихатының шешімі

Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 4-14-4 «Жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 4-14-4 «Жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13-3-98 тіркелген, 2009 жылғы 22 мамырда «Айыртау таңы» газетінде, 2009 жылғы 22 мамырда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабы 1, 1-1-тармақтарына, 444-бабы 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**»;

1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381, 383-баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) жеке тұлғаларға ұсынылған, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;
2) елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) базалық салық мөлшерлемелері;
3) елді мекендердің сыртында орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне базалық салық мөлшерлемелері.»;

келесі мазмұндағы 1-1 тармағымен толықтырылсын

« 1-1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 378, 444-баптарымен белгіленген жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;
2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.»

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.ГЛАДКИЙ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының сессиясының төрағасы.
Р.ТІЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы.

«КЕЛІСІЛДІ»
С.МЕЙРАМОВ,
«Қазақстан Республикасы қаржы
Министрлігінің мемлекеттік кірістері
Комитетінің Солтүстік Қазақстан
облысы бойынша мемлекеттік
кірістер департаментінің Айыртау
ауданы бойынша мемлекеттік кірістері
басқармасы» республикалық ММ-нің басшысы.

Н.ТӨРЕБЕКОВ,
«Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының жер
қатынастары бөлімі» ММ-нің басшысы.

Білім беру

Жауапкершілігі мол шара

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы №118 бұйрығына сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалау еліміздің бірқатар мектептерінде 11 сыныптар үшін ұлттық бірыңғай тестілеу түрінде, ал 9 сынып оқушылары үшін 4 пән бойынша тестілеу түрінде өткізіледі.

ҰБТ оқу жылының соңында маусым айының 1-15 аралығында өткізілсе, 9 сынып оқушылары үшін тестілеу республика бойынша сәуір айының 6-23 аралығында өткізіледі. Бұл шараға біздің ауданымыздың мектептері де қатысады. Осы жауапкершілігі мол шараны өткізу бойынша аудандық білім бөлімінің жоспары негізінде

үшінші сәуірде №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының базасында 9 және 11 сынып оқушыларымен аралық бақылау тесті өткізілді. Алдымен тестілеуге қатысатын оқушылармен аудандық Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пунктінің жетекшісі Ержан Алпысбайұлы Алғожин ОЖСБ туралы нұсқаулық өткізді.

ОЖСБ-ның мақсаты, өткізілу тәртібі туралы айта отырып, Ержан Алпысбайұлы оқушылардың ОЖСБ кезіндегі өзін-өзі ұстау, аудитория ішіндегі тәртіп ережелерімен, тапсырмаларды орындау барысында туындайтын кейбір жағдаяттармен таныстырып өтті. Оқу жетістіктерін сырттай бағалау оған қатысатын мектептер мен оқушыларға біршама жауапкершіліктер жүкттейді.

Жалпы ОЖСБ-ның өткізілуіндегі негізгі мақсат білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жасау болып табылады. ОЖСБ нәтижелерін мониторингтік зерттеулер жүргізетін ұйымдар пайдаланады. ОЖСБ 4 пән бойынша өткізілетінін, міндетті пән-қазақ тілі, қалған үш пәннің тізімін ҚР БҒМ-мен белгіленетінін, тест тапсырмаларының мазмұнының жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес екендігін оқушыларға түсінікті және жатық түрде айта отырып Ержан Алпысбайұлы оқушыларға алда тұрған сынақтарынан сүрінбей өтулеріне тілектестік білдірді.

Мұрат АШКЕЕВ,
Қызыләскер ОМ-нің мұғалімі.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

Майдангер хаты

Әнапия Әбдірахманұлы Сарбұлақ ауылының тумасы. Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі болып майданға аттанады. Соғыста талай ерліктің үлгісін көрсеткен жерлесіміз 1943 жылы ауыр жараланып, госпитальға түседі. Елін, ағайын-туыстарын сағынған майдангер енді қайтып келмесін сезді ме екен, қоштасу хатын жазып, елге жолдайды. Арада қаншама уақыт өтіп, хаттың толық нұсқасы сақталмайды. Сарбұлақ ауылында тұратын қарындасы Зәкіриянова Маққуза әжей есте қалғандарын қағазға түсіріп, редакциямызға жолдаған екен. Соны оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Бірінші хат жазамыз анамызға,
Қамқоршы қара ағаштай
панамызға.
Жау шығып фашист деген
біздің басқа,
Сығызды бір тарының қауызына.
Екінші сәлем жаздым ауылыма,
Мәрзия бірге туған бауырыма.
Бауырдың бірге туған бәрі бірдей,
Қош болсын үлкен ағам
Жәнәпия.
Әз бөнен Әбілғазы, Мәрзияға,
Маққуза, Кәңжеғали балаларға.
Сәлем де сайран салған
далаларға,
Хат алмай Шахмансұрды
сағынамын,
Бұлтармай командирге
бағынамын
Күні ыстық, түні суық осы жақтың,
Шыбын жан жер таппайды
паналарға.
Қанапия атыңды атап тағы
жазам,
Бұл жерде олай-бұлай болып
кетсем,
Қаламын қай боқтықта жетсе
қазам.
Мал-жаны туған елдің тағы
аман бол
Елдегі кәрі-жасың, бала
аман бол
Келед деп бізді күтіп аңсайтуғың
Көрлер, балалар тағы аман бол
Жүсіпбек, Көкеммен тағы
аман бол
Сәлкенмен, Жәкіш, Боппи
өңшең бала,
Қалғаның аты аталмаған тағы
аман бол

Сырымбет, Үлкенкөлмен Түкті
аман бол
Жігіттің ел қорғайтын бағы
аман бол
Дөңағаш, Ұзынағаш ағаштарым,
Баратын егін салып Кәң
аман бол
Доп ойнап, асық атқан
жерлерім-ай,
Оралып қайта басар күн
боларма- ай
Қаз ұшып, үйрек ұшқан
көлдерім-ай,
Көгарай шалғын шөпті жер
аман бол
Кір жуып, кіндігімнің қаны тамғаң
Топырағы туған елдің сен
аман бол
Сарбұлақ – бұлақтың ордасы
өдің,
Оралып қайта татар күн
болар ма?
Хат жазған әдейі арнап мен
бір балаң,
Дем бітіп, өтіп кетсем осы жерде,
Апажан ақ сүтінді балаңа
кешіре гөр.
Еңбегінді бұл дүниеде өтей
алмадым,
Балаңа борыш қылмай
кешіре гөр.
Хат жазған әдейі арнап атым
Әнапия,
Бұл жазған өлең емес,
көңіл назы.
Сөзімнің ақыры осы болар,
Опасыз бұл дүниеден өтіп
кетсем,
Артымда табан басар ізім де жоқ.
Осымен сөзімді мен аяқтайын.

Майдангерлерге

Ұлы Жеңіс үшін қаншама қазақ елінің біртуар азаматтары қыршын болды. Қан бұланған соғыста аты аңызға айналмаса да, біз үшін аңыз болған, 1922 жылы Сарыөзек ауылында туған атам – Бестаев Қарабатырды жырға қоспасам, ағаттық кеткені. Ұрпақтары үшін тәуелсіздікті алып берген аталарымыздың жатқан жерлері жәннатта болғай. Осы жырым Сіздерге арналады, қымбатты майдангерлер!

Сан ғасырдай көп күткенім –
Ақ таңым,
Ұлы жеңіс, Ұлы той менің бағым.
Жеңіс күні тарихи, қастерлі күн
Жетпіс жылды тойлаймыз
міне бүгін.
Жеңіс күні еске алар
Батырларды,
Талай өрім, ержүрек
батылдарды.
Естен кетпес соғыстың
жаңғырығы,
Қайта келмес қасіретті асулары.
Елін қорғап жараланған адамдар,
Ерлік жасап елге оралған
жарандар.
Болмаса да жанымызда
біздердің,
Қалды артыңда өшпес
мәңгі іздерің.
Бастарынан түрлі азаптар
өтсе де,
Соғыс пен қиындықты көрсе де,
Бір жасымай батырлықты
көздеген
Ардагерлер мен Сіздерге
бас ием.
Жырыма мен қосамын
батырымды,
Өр мінезді ержүрек батылымды.
Бұл фәниден озып кеткен
ертеде,

Қорған болған өз жеріне, еліне.
Қанын төккен туған өлке елі үшін,
Жанын берген ата-баба кегі үшін,
Майдангердің бірі болған атамды,
Жырламақпын талаптана
қарқынды.
Аты атамның Қарабатыр атақты,
Орманшы боп ол жұмысын
бастапты.
Жастайынан әскерге де алынып,
Тула атты қалаға да жетіпті.
Қан майданда жарақатты алыпты,
Сұм соғыстың аямапты халықты.
Түрлі азап пен қиындықты
көрсө де,
Сенім артқан ел үмітін ақтапты.
Ұрпақтарың сол күндерді
еске алып,
Ақ қағазға сия қылып қалдырып.
Жасап кеткен ерлігіңді мадақтап,
Жырлап өтем өмір бойы
асқақтап.
Қанша жырлап, қанша мақтап
жазсам да,
Ақ қағаз бен қара сия жетпейді.
Керек емес, келмесіңші соғыс енді
ешқашан
Ұлы жеңіс тойлансыншы, Қазақ
деген халқыма.
Сандуғаш ТӨЛЕУОВА,
Егіндіағаш орталау мектебінің
9 сынып оқушысы.

Байқау

«ЖЕҢІС ҮШІН АТАМЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС!»



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыровтың бастамасымен аудандық «Айыртау таңы» және «Айыртауские зори» газеттерінің редакциясы аудан жастары арасында өздерінің аталары жайлы жазылған ең үздік материалдары (эссе, мақала, өлең) арасында байқау жарияланғанын естеліңізге салады.

Байқау ақпанның 10-ы мен сәуірдің 30-ы аралығында өткізіледі. Ең үздік жұмыстар аудандық газет беттеріне жарияланады, ал жеңімпаздар арнайы мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау жұмыстарын мына мекен-жайға 150100, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 72 үй немесе газеттердің электронды пошталарына жіберуге болады.



САЙЛАУ-2015

10 сәуірден бастап әр азамат сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тіркелген жері бойынша сайлау учаскесінде тексереді

Конституцияға және сайлау заңнамасына сәйкес он сегіз жасқа толған әр азаматтың сайлауда дауыс беру құқығы бар.

Сайлаушының бұл құқығын іске асыра алу үшін әкімдіктер сайлаушылар тізімдерін жасайды және мәліметтердің растығы мен толықтығына жауапты болады.

Азаматты нақтылы сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұратын жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

5 сәуірде сайлау туралы заңға сәйкес әкімдіктер тиісті учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылардың жаңартылған тізімдерін тапсырды.

Әкімдіктердің, сайлау комиссиялары мен мүдделі мемлекеттік органдардың сайлаушылар тізімдерін нақтылау бойынша бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде белсенді сайлау құқығына ие азаматтардың жалпы саны 2015 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 213 мың адамға артты. 10 сәуірден бастап сайлаушылардың жаңартылған тізімдері учаскелік сайлау комиссияларының үй-жайларында танысу үшін ұсынылады және әрбір сайлаушы өзі туралы деректерді тікелей сайлау учаскелерінде дауыс беру күніне дейін және сайлау күні тексереді алады.

Ол үшін учаскелік сайлау комиссиясына жеке басын куәландыратын, сондай-ақ тұрғылықты жерінде тіркелгенін растайтын құжаттармен (мекенжай анықтамасы немесе азаматтарды тіркеу кітабы) келіп, сайлаушылар тізімімен мұқият танысу қажет.

Мекенжай анықтамасын сайлаушы халыққа қызмет көрсету орталығында (ЖҚО), «электрондық үкімет» порталында (электрондық-сандық қолтаңбасы - ЭСҚ-сы болған жағдайда) немесе ЖҚО-да орналасқан ҚҚП-терминалдан ЖСН

арқылы ала алады.

Сайлаушының тегі тізімде болмаған немесе өзі туралы деректерде дәлсіздіктер жіберілген жағдайда, сайлаушы көрсетілген құжаттар негізінде өзін тізімге кіргізуді немесе қажетті түзетулер енгізуді талап ете алады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың сайлау учаскелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР ОСК олардың кедергісіз және қауіпсіз кіріп-шығуы үшін сайлау учаскелерін мүмкіндігінше құралдармен (арнайы пандустар, тұтқалар және т.б.) жабдықтау туралы өтінішпен әкімдіктерге жүгінді.

Сайлаушылар туралы ақпаратты нақтылау үшін республиканың әрбір ауданы мен қаласында мамандандырылған Call-орталық құрылды. Ел бойынша олардың саны 441. Өзінің ауданындағы немесе қаласындағы Call-орталығына телефон шалып, сайлаушы сондай-ақ өзінің сайлаушылар тізіміне енгізілгені, қай сайлау учаскесінде тіркелгені туралы мәліметтерді біліп, сонымен қатар өзі туралы деректерді тексереді алады. Call-орталықтарының телефондары туралы ақпарат жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болатын азаматтар енгізіледі.

Әскери бөлімдер бойынша оларда тұратын әскери қызметшілердің барлығы,

сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскери бөлімдерден тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген азаматтар учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, сондай-ақ сайлаушылар тізіміне енгізілуі тиіс.

Жатақханаларда тұратын, күндізгі бөлімде оқитын студенттер мен аспиранттар жатақхананың тұрған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі, ал жатақханада тұрмайтын ХҚО-ға жүгініп, жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан мекенжайы бойынша уақытша тіркеле алады. Бұдан кейін олар сондай-ақ жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында өзінің елді мекенінен тыс шыққан жағдайда елдің көз келген учаскесінде дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігі мүмкіндік береді.

Оны сайлаушы тіркелген жері бойынша учаскелік сайлау комиссиясында жазбаша өтініші мен жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы бойынша 10 сәуірден бастап 25 сәуірде 18.00 сағатқа дейінгі кезеңде ала алады.

Сонымен қатар азамат уәкілетті тұлға өз атына есептен шығару куәлігін алу құқығына нотариат растаған сенімхатты беруге құқылы.

Бұл басқа елді мекенге кетіп қалған, өз учаскесіне келу мүмкіндігі жоқ сайлаушылардың есептен шығару куәлігін алып, сайлауға қатысуына мүмкіндік береді.

Бұл ретте бір елді мекеннің шегінде есептен шығару куәліктері берілмейтін есте сақтау маңызды.

Дауыс беру күні есептен шығару куәлігі мен сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы оны барған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының баспасөз қызметі.

ОСК шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан 44 байқаушыны аккредиттеді

Орталық сайлау комиссиясы 2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан тағы 44 байқаушыны аккредиттеді. 2015 жылғы 14 сәуірде Орталық сайлау комиссиясы «2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымның байқаушыларын аккредиттеу туралы» қаулы қабылдады.

Аталған қаулыға сәйкес Ортсайлауком Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша төрт халықаралық ұйым мен төрт шет мемлекеттен 44 байқаушыны аккредиттеді. Олардың 25-і – ТМД-дан байқаушылар Миссиясынан, 5-еуі – Сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның Миссиясынан, 4-еуі – Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінен, 3-еуі - Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясынан, сондай-ақ үш байқаушы – Қытай Халық Республикасынан, 2-еуі – Молдова Республикасынан және бір-бірден – Хорватия Республикасы мен Бельгия Корольдігінен.

Осылайша, 2015 жылғы 14 сәуірдегі жағдай бойынша Ортсайлауком халықаралық ұйымдардың үш Миссиясынан (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ТМД және ШЫҰ), екі халықаралық ұйым (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі және Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы) мен 33 шет мемлекеттен 496 байқаушыны аккредиттеді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 31 мемлекеттен бұқаралық ақпарат құралдарының 134 өкілін аккредиттеді. Осы сәтке шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары мен шетелдік БАҚ-тардың өкілдері, барлығы 630 адам аккредиттелді. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеуді Ортсайлауком 2015 жылғы 20 сәуірге дейін жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының баспасөз қызметі.

Дұрыс таңдау – бейбітшілік пен гүлдену үшін



14 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевтың республикалық сайлауалды штабы Атырау облысында болды. Мұнда кандидат өкілдері Ұлт көшбасшысы жақтастарының форумына қатысып, облыс активімен Атырау мұнай өңдеу зауыты мен «ШевронМұнайГазИнк» компаниясының жұмысшыларымен кездесті.

Делегация құрамында – Қазақстан Республикасы Президентігіне Үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҰЕҰ өкілдері, ғылыми және шығармашыл зиялылар, белгілі қоғам және мәдениет қайраткерлері, әйгілі спортшылар бар.

Алдағы сайлауда Елбасыға өз қолдауларын білдіру үшін «Жайық» спорт сарайына облыстың мыңдаған тұрғындары жиналды. Сөйлеген сөздерінде олар Қазақстанның табысты дамып жатқаны үшін Мемлекет басшысына алғыстарын білдірді. Одан әрі Салтанат сарайында РҚШ

мүшелерінің Атырау облысының еңбек ардагерлерімен кездесуі болды.

Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, өңірдің құрметті тұрғыны Илия Жақанов өз сөзінде Мемлекет басшысы саясатының әлеуметтік-экономикалық қана емес, сондай-ақ мәдени саладағы табысты дамуға да бағытталғанын қадап айтты.

«Мемлекет басшысының бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы іске асырылды, соның арқасында әлемдегі түрлі кітапханалар мен мұрағаттардан біздің еліміз үшін ерекше маңызы зор бірегей жәдігерлер табылып, Қазақстанға әкелінді», - деді Илия Жақанов.

Өз кезегінде еңбек ардагері Любовь Монастырская бүгінгі қазақстандықтардың – ынтымағы жарасқан бір үлкен отбасы болуына, Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында дүниеге келген Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып жатқан қызметінің зор екенін атап өтті.

«Ассамблеяның әр сессиясында, әр форумында біздің Елбасымыз бейбітшілікті, келісім мен халықтардың бірлігін үнемі жақтаумен келеді. Біздің бөрімізге – ұлы Лидеріміз Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың маңайына топтасқан – бір ұлт екенімізді түсінудің маңызы зор», - деді Любовь Монастырская.

Түстен кейін РҚШ мүшелері Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлерімен жүздесті. Ұжымның атынан зауыт қызметкері Әлфия Гумерова сөз сөйледі. Ол еңбек адамының қажеттілігін Мемлекет басшысының біреулерден есту арқылы ғана білмейтінін және еліміздегі барлық еңбеккерлердің оның қамқорлығын сезетінін атап өтті.

«Елбасы біздің аймақтың дамуына ерқашанда ерекше көңіл бөлді. Бүгінгі күні біздің зауытта екі көлемді инвестиция – хош иістелген көмірсутегі өндіру және тереңде өңделетін мұнай өнімдерін өндіру іске асырылуда. Зауыт заманауи үлгілер бойынша жабдықталған, жаңа технологиялар енгізілуде. Біздің аймаққа көптеген миллиард инвестициялар тартқан Нұрсұлтан Назарбаев болмағанда, осының бірі де болмас еді», - деп атап айтты Ә.Гумерова.

Зауыт жұмысшылары да Еңбек Адамын қолдағаны үшін Елбасына алғыс айтты.

«Өндіріс цехының жұмысшысы ретінде мен жыл сайын бізде жаңа жұмыс орындарының пайда болуының, еңбек жағдайының жақсаруының, жетістіктеріміздің артуының куәсімін. Осының бәрі біздің ертеңгі күнге деген сенімімізді арттырады, сондықтан да мен өз отбасымның игілігі үшін, яғни, еліміздің игілігі үшін еңбек етемін және менің елімнің гүлденуі үшін Елбасына дауыс беремін!», - деді Атырау мұнай өндіру зауытының хош иістелген көмірсутегі өндіру кешенінің операторы Қасиет Лұқпанов.

Кездесулер барысында Атырау облысының халқы алдағы сайлауда өздерінің Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беретіндерін бірауыздан мәлімдеді.

(Ресми ақпарат).

БОЛАШАҚҚА БЕРІК БАҒДАР

13 сәуірде ҚР Президентігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевтың республикалық сайлауалды штабы Батыс Қазақстан облысында бірқатар кездесулер өткізді. Атап айтқанда, Орал қаласының студент жастарымен, БҚО машина жасау компаниясы мен «АКАС» агрофирмасының жұмысшыларымен және этномәдени орталықтардың өкілдерімен кездесіп, сайлауалды бағдарламаларымен таныстырды.

Делегация құрамында – Қазақстан Республикасы Президентігіне Үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҰЕҰ өкілдері, ғылыми және шығармашыл зиялылар, белгілі қоғам және мәдениет қайраткерлері, әйгілі спортшылар бар.

Күннің бірінші жартысында штаб өкілдері Батыс Қазақстанның машина жасаушыларымен кездесті. Кездесу барысында жұмысшылар Президенттің ҰИИД бағдарламасы арқасында олардың зауыттары Қазақстандағы өзге зауыттар секілді қарқынды түрде дамығандығын атап өтті.

«Қазақстан Нұрсұлтан Әбішұлының басшылығымен Тәуелсіздік жылдарында индустриялық дамуға үлкен жетістіктерге жетті. Жаңа инновацияларды енгізу, өндірістің жаңғыруы - мұның барлығы Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының арқасы» дейді зауыт жұмысшылары.

«Біздің Елбасының есімі Қазақстандағы тұрақтылықпен, ауызбіршілікпен тікелей байланысты. Қарапайым халыққа ең алдымен тыныштық, тұрақтылық, бейбітшілік қажет. Мұның барлығына Нұрсұлтан Әбішұлымен қол жеткіздік» дейді аталған зауыт жұмысшысы Татьяна Пантелеева.

Мұнан кейін штаб өкілдері облыстағы ең ірі ЖОО-ның бірі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің студент жастарымен кездесті. Университет жыл сайын 5000-ға жуық түлекті қанаттандырады.

Білімнің сапасы мен жастарды қолдау мәселесі Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Соның бір айғағы ретінде «Болашақ» бағдарламасын айтуға болады. Елбасының бастамасымен жүзеге асып жатқан айтулы жобаның арқасында ондаған мың қазақ студенті әлемнің ең үздік университеттерінде білімдерін жетілдірді. Сондықтан да, Қазақстанның жастары Н.Назарбаевты қолдайды» дейді аталған экономика факультетінің түлегі Зәмзәгул Султанова.

Күннің екінші жартысында республикалық сайлауалды штаб өкілдері «Ақас» Агрофирма» сүт өнімдері фермасының жұмысшыларымен кездесті.

«Біздің Президент еңбектенуші халық Қазақстанда ешқашан жұмыссыз қалмайды деп айтқан болатын. Елбасы бізге қорған болып отыр. Сондықтан біз Нұрсұлтан Әбішұлының бұдан әрі де елді қасқаруын қалаймыз» дейді ферма жұмысшысы Әлия Жұмашева. Сонымен қатар, штаб өкілдері облыстағы этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен жүздесті. Өңірде бейбіт пен келісімде 90-нан астам этностың өкілдері өмір сүруде, 48 этномәдени бірлестік өз қызметін жүргізуде. ҚХА мүшелері Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы Елбасының баға жетпес рөлін ерекше атады. Олар өздерін Елбасының негізгі халықтық тірегі санайды және 26 сәуірде барша қазақстандықтарды жалғыз дұрыс таңдау – бейбітшілік, бірлік, тұрақтылық пен гүлдену үшін, яғни, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беруге шақырады.

(Ресми ақпарат).



САЙЛАУ-2015

ҚР Президенттігіне үміткер Ә.Құсайынов Ақтөбеде колледж ұжымымен кездесті

14 сәуірде ҚР Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов мекеме жұмысшыларын өз сайлауалды тұғынамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ә.Құсайынов атап өткендей, экологиялық проблемалар күрделі әрі өзекті болып табылады.

«Экология – адамзат тіршілігінің маңызды факторы. Біздің айналамыздағының бәрі – табиғат, біздің өмір сүріп жатқан ортақ әлеміміз. Технология ілгері дамыған сайын «жасыл» орта осалданып барады.

Табиғат ресурстарын мақсатты әрі жоспарлы пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, мемлекеттік бақылаудың жоспарлы жүйесін енгізу ең басты міндетімізге айналуы тиіс», - деп атап өтті Ә.Құсайынов.

Кездесу барысында кандидат, сондай-ақ, әлем бойынша бірегей табиғи кеңістіктердің күрт азайып бара жатқанын сөз етті.

Мысалға, Жер шарындағы халқы көп аймақтарда жаһандық экожүйенің маңызды бөлшегі – батпақты жерлердің 90 пайызы мүлде жойылған.

Бүгінде, бір адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажетті жердің көлемі, әлем бойынша, 21,9 гектарға тең. Ал Жер шарының биологиялық мүмкіндігі 15,7 гектарды ғана құрайды. Яғни, өздеріңіз байқағандай, Жерді мекендейтін 7 миллиард адамның әрбіреуін таза, ластанбаған, құнарлы жермен қамту үшін кем дегенде 6,2 гектар жетіспейді. Бұл өте күрделі мәселе», - деді Ә.Құсайынов.

Кандидат 19 ғасырдың соңынан бері әрбір жаңа онжылдық алдыңғысына қарағанда жылынып бара жатқанын мәлім етті. 20 ғасырдан бері орташа ауа температурасы 0,74 градусқа өсті. Мұның үштен екі бөлігі соңғы отыз жылға тиесілі. Тұрақты температуралық көрсеткіш ғасырлар бойы сақталып келген табиғат үшін бұл үлкен өзгеріс», - деді Әбілғазы Құсайынов.



Көптеген елдерде жасыл технология өндіріске енгізілмей келеді, тіпті, оны жатырқап отырғандар қаншама. Табиғи ресурстар көшенін біріктіретін ортақ термин – экологияны күйзеліске ұшыратқан мұндай күрделі жағдай амалсыз ертеңі күнің туралы алаңдатады.

«Экология – біздің ортақ үйіміз, ғаламшарымыз туралы ғылым. Ғаламшарымыз жалғыз, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек», - дейді кандидат.

Өз сөзінде Ә.Құсайынов әрбір азаматты экология мәселесіне

белсене араласуға шақырды. Экологиялық тепе-теңдікті сақтау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті ұснату идеясын насихаттауда азаматтық қоғам өкілдерінің рөлі орасан. Қоғамдық ұйымдар бұл жұмысқа білек сыбанып кірісуі керек.

Экология мен табиғатты қорғау мәселесінде азаматтық белсенділікті дамыту қажет.

Адамдар саналы түрде экологиялық тепе-теңдікті сақтап, табиғаттың шынайы келбетін сақтау қажеттілігін сезінулері керек.

Сонымен қатар колледж ұжымымен кездесуде Ә.Құсайыновтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем Жоламан сөз сөйледі.

Р.Жоламан экологиялық проблемалардың өзектілігі мен оларды дер кезінде шешудің маңыздылығына тоқталды.

«ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайынов экология мен биологиялық әртүрлілікті сақтау маңыздылығына назар аударуды көздейді.

Сондай-ақ ол экологиялық білімге де үлкен мән беріп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде міндетті пән енгізе отырып, экология мен оның қауіпсіздігі туралы түсінік қалыптастыру, сонымен қатар тұрақты экологиялық-ағартушылық жұмыстар жүргізу экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы білім берудің маңызды қадамдары болып табылады.

Біз жастайынан балаларымыздың санасына экология, қауіпсіз және экологиялық дұрыс өмір сүру туралы қарапайым ұғымдарды сіңіріп, табиғатты және қоршаған ортаны күтіп, қорғауға тәрбиелеуіміз керек», - деді Р.Жоламан.

(Ресми ақпарат).

Экологиялық мәдениет қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналуы керек



13 сәуірде ҚР Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесті.

Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экологиялық мәселелерді айқындап, шешуге негізделген өз сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды.

«Алдымен, басты міндеттерімізді айқындап алайық. Экологиялық проблема – табиғаттың құрылымы мен қызметін бұзатын қоршаған ортадағы теріс құбылыстар. Бұл дегеніңіз, адамзат тұрмысынан туындаған антропогендік түрлену.

Экологиялық түйткілдер адамзаттың күрт өскен өнеркәсіптік әрекетінің айналаға әсерінен туындап отыр.

Қазірдің өзінде адамдар күн сайын еселеніп келетін экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Ол барша өркениеттің дағдарысына айналып барады», - деді ҚР Президенттігіне кандидат.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, экологиялық жүйе қызметі мен адам қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы арасында тепе-теңдік жоқ.

Одан әрі кандидат жиналған жұртты адамзат қоғамы алдында тұрған маңызды жаһандық экологиялық проблемалармен таныстырды, атап

айтқанда: қоршаған ортаның ластануы, парниктік газдардың зияны, ғаламшардың «озон қабатының» сөгілуі және т.б.

Адамның іс-әрекетінен қоршаған ортаның ластануы барлық жер қыртыстарын: атмосфера, гидросфера мен литосфераны қамтып, өткір мәселеге айналып барады.

Оның ішінде бірінші әрі маңыздысы – жаһандық климаттың өзгеруі. Адамның өнеркәсіптік тұрмыс-тіршілігінен түзілген парниктік газдардан климат антропогендік өзгеріске ұшырады.

XIX ғасырда температура 0,1 градусқа өсті. XX ғасырда бұл өсім әр жыл сайын 0,3 градусқа жетті. Ал XXI ғасырдың 15 жылында

орташа жылдық температура 0,8 градусқа жылып отыр.

Ғаламшардың жаһандық жылынуы мұздықтарды ерітіп қоймай, топырақтың беткі қабатын құратып отыр. Бұл үлкен қауіп төндіруде.

Климат өзгерісінің зардабын, ең алдымен, ауылшаруашылық жайылымдар тартып отыр, шаруашылық мақсаттағы жерлердің 63%-ы эрозияға ұшыраған. Жыл сайын шөл даланың жалпы аумағы 27 млн гектарға кеңіп келеді. Сондай-ақ, жаһандық жылынудан жаңа аурулар туып, қауіпті микроағзалар пайда болады.

Адам өз іс-әрекетінен туындаған экологиялық ауытқудың құрбанына айналып отыр: кейбір мәліметтерге сенсек, су ресурстарының, атмосфералық ауа мен жер қыртысының ластануынан туындаған аурулардан әлем бойынша адамдардың 40%-ы өмірден өтіп жатыр.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, фотохимиялық түтін, қышқыл жаңбыр, топырақтың құнарсыздануы, ормандардың құртылуы, құрғақшылық, ауадағы қауіпті қалдықтар, биосфера генофондының азаюы сынды қауіпті экологиялық құбылыстар, біздер, адамдар үшін, қалыпты жағдайға айналды.

Осы орайда қуат көзі мен табиғат ресурстарын үнемдеу мәселесін де назардан тыс қалдырмау керек.

Біз – адамдар, жаңартылмайтын ресурстарды жойып, флора мен фаунаны талқандап, табиғат циклін бұздық – бір сөзбен айтқанда, бізді жаратқан табиғатқа өзіміз зиян келтіріп отырмыз», - деді Құсайынов.

«Айналамыздың бәрі өзгеріске

ұшырады – аңдар қырылып, сирек өсімдіктер жойылып кетті, аралдарды су басып, табиғи апаттар тұтас қалаларды қиратуда.

Соған қарамастан, адамдар техникалық баспалдақтағы серпілісін жалғастырып, ғаламшарға тұтынушылық қатынасын тоқтатар емес. Табиғаттың құнарын соңғы тамшысына дейін сорып алуға дайын.

Адамзат қоршаған ортаны құртып бара жатқан іс-әрекетін тоқтатпаса, жағдай қиындауы мүмкін.

Сол себепті, бүгінде экология ғылымына биологияның бір саласы деп қарамай, оған әлдеқайда тереңнен бойлау қажет», - деді кандидаттың Ақтөбе облысындағы сайлауалды штабының жетекшісі Игілік Сағиев.

«Экологиялық мәдениет қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналуы керек.

Табиғатты қорғау, табиғат ресурстарын дұрыс пайдалану мәселелеріне қоғам назарын тарту жұмыстарын күшейту маңызды.

